



Сабақ тақырыбы:

Компьютерде зиян келтірмей
қалай жұмыс істеуге болады?



Осы сабаққа қол жеткізілетін оқу мақсаты

5.4.1.1 - қауіпсіздік техникасы ережелерін
сақтамаудың салдары туралы талдау

Сабақ мақсаттары:

- ❖ Компьютердің қауіпсіздігі туралы білу.
- ❖ Кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсіну.
- ❖ Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу
- ❖ салдарын талдай алу

Бағалау критерийлері

- ❖ Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі.
- ❖ Кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсінеді.
- ❖ Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қолдана біледі.
- ❖ Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдарын талдай алады.
- ❖ Төтенше жағдай кезінде алғаш жәрдем көрсету әрекеттерін жаза біледі.



Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер

«Джигсо» әдісі

«Миға шабуыл» әдісі

«Есте сақтайық» әдісі

«Сұрақ менен, жауап сенен» әдісі

«Кілтті сөздер» әдісі

Ұйымдастыру

Сүрет бөлігін құрау арқылы 2 топқа бірігу



«Миға шабуыл»

Қалай ойлайсыңдар, компьютер алдында неге көп отыруға болмайды?

Көзді шаршатпаудың жолдары қандай?

(оқушылар пікірі тыңдалынады)

The slide features a decorative border of purple and gold flowers. The flowers are stylized with multiple layers of petals and a central gold starburst. They are arranged in a frame-like pattern around the text. The background is a light blue fabric-like texture with faint floral patterns.

Сабақ тақырыбы:

Компьютерде зиян келтірмей
қалай жұмыс істеуге болады?

«Есте сақтайық» әдісі

Көзді шаршатпаудың жолдары қандай?

Ол үшін мына талаптарды орындау керек:

1. Мониторға дейінгі арақашықтық 60–70 см-ден кем болмауы керек (созылған қолдың ұзындығындай).
2. Компьютер алдындағы жұмыс 25 минуттан аспауы тиіс.
3. Жиі-жиі көз, мойын, арқа үшін арнайы белгіленген жаттығулар жасап отыру қажет.
4. Экранның дәл ортасына қарау керек (1-сурет).
5. Жұмыс істеу үшін дөрігер көзілдірік киюге кеңес берген оқушылар компьютер алдында міндетті түрде көзілдірік киіп отырулары тиіс. Ол көру қабілетін одан әрі нашарлатпауға көмектеседі.



1-сурет. Компьютерде дұрыс отыру ережелері

КӨЗ ТАЛҒАНДА ЖАСАЙТЫН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ЕСІҢЕ САҚТА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДА!

Көзге арналған жаттығулар



1-жаттығу

- Көздеріңнен бұлшық етін қатайтып, бірнеше секунд жұмыңдар.

- Көздеріңнің бұлшық етін босаңсытып, ашыңдар. Бұл кезде бірқалыпты дем алыңдар.

4-5 рет қайталаңдар.

2-жаттығу

- Кеңсірікке қарап тұрып, 3 рет терең дем алыңдар

- Көздеріңді талдырмаңдар

- Алысқа қадалып қараңдар.

3-жаттығу

- Бастарыңды бұрмай, ОҢҒА қарап, көз тіккен нүктені белгілеңдер.

- Алысқа қадалып қараңдар

4-жаттығу

- Бастарыңды бұрмай, СОЛҒА қарап, көз тіккен нүктені белгілеңдер.

- Алысқа қадалып қараңдар

5-жаттығу

- Көзден 30 см арақашықтыққа қарындашты ұстап тұрып ұзақ тесіле қараймыз, сосын мұрынның ұшына қараймыз.

6-жаттығу



- Алақанды бір-біріне уқалап жылытып алып көзге жайлап басу керек. Осылайша 3-5 секунд тұру.

7-жаттығу

- Көздеріңді 20-30 секунд бойы жиі-жиі жыпылықтатыңдар.

Компьютер қауіпсіздігі және қауіпсіздік техника ережелері

туралы бейнекөрініс, слайд көрсету



Жалты Қауіпсіздік талаптары :

- Мұғалімнің рұқсатынсыз құрал-жабдықтарды орнынан қозғауға, сымдарға, розеткаларға, штепсельдің айырына, штекерге тиісуге тыйым салынады.
- Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпқа кіруге және сыныптан шығуға болмайды.
- Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпта жүгіруге болмайды.
- ДК-де су киіммен және су қолмен жұмыс істеуге болмайды.
- Корпусы мен сымдарының бүтіндігі бұзылған ДК-де жұмыс істеуге тыйым салынады.
- Үстелге, ДК-дің жанына сумка, портфель, кітап қоюға болмайды. Үстелге тек дәптер мен қалам ғана жатуы керек.
- Пернетақтаның үстіне ештеңе қоюға болмайды.
- Компьютер сыныбында жүгіруге, ойнауға, жолдастарыңның көңілін қажетсіз аударуға, бөгде жұмыстарды істеуге тыйым салынады.





«Сұрақ менен, жауап сенен» әдісі

1. Дербес компьютерде жұмыс істеу барысында қанша уақыт отыру қажет?
2. Көзбен монитордың арақашықтығы қанша болу керек?
3. Компьютермен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін атаңдар.
4. Күйген жағдайда алғашқы көмек қалай көрсетіледі?
5. Қауіпсіздік ережелерінің адам үшін маңыздылығы қандай?

Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдары туралы 2 топ пікір алмасу

Төтенше жағдай кезінде алғаш жәрдем көрсету әрекеттерін 2 топ плакатқа жазады **2 топ**

1 топ



4

«Жинақтау»
Төтенше жағдай кезінде алғашқы жәрдем көрсету әрекеттерін жа-
зындар. Талып қалған және тынысы тарылғанда көрсетілетін көмекті өз
беттеріңмен іздеп, кестені толтырындар.

Күйгең жағдайда	Талып қалған жағдайда	Тынысы тарылғанда
1.	1.	1.
2.	2.	2.
3.	3.	3.
4.	4.	4.

«Кілтті сөздер» әдісі

Техникалық диктант

5

«Қолдану»

Компьютерде орындаңдар.

1. Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін толықтырыңдар.
 - экранның ортасы мен оқушының көзінің арақашықтығы ... см кем болмауы тиіс;
 - компьютерде жасалатын үзіліссіз жұмыс ... минуттан артық болмауы тиіс, одан кейін міндетті түрде жаттығу жасауға үзіліс болуы керек.
 - компьютермен жұмыс жасау кезінде ... болмайды.
2. Информатика кабинетіндегі оқушы міндетті:
 - тәртіп пен тазалықты, қауіпсіздік техникасы ережелерін ... керек;
 - жұмыс орнына мұғалімнің нұсқауымен отырып, өздігінен орын ... керек;
 - құрылғының кез келген ақауы білінгенде немесе программаның дұрыс жұмыс істемей тұрғанын көргенде жылдам ... керек;
 - кабинетте алынған кез келген жарақат кезінде, әсіресе электр тоғына түскенде міндетті түрде ... керек.
3. Тыйым салынады:

1) ...	3) ...
2) ...	4) ...

Кері байланыс



Бағалау критерийлері

Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі.

Кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсінеді.

Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қолдана біледі.

Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдарын талдай алады.

Төтенше жағдай кезінде алғаш жәрдем көрсету әрекеттерін жаза біледі

Дескрипторлар

Компьютердің қауіпсіздігі туралы біледі.


Кабинеттегі ережелер мен талаптарды түсінеді.

Компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қолданады.

Қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу салдарын талдайды.


Төтенше жағдай кезінде алғаш жәрдем көрсету әрекеттерін жазады





**Саралау – Сіз қандай тәсілмен
көбірек қолдау көрсетпексіз?**

**Диалогтік оқыту тәсілі арқылы
мүмкіндіктерге және түрлі оқушыларға
қарай төмен және жоғары дәрежелі
сұрақтарды және тапсырмаларды
бағыттау**

A decorative border of various flowers including white lilies, yellow daisies, and pink tulips, set against a green leafy background, framing the central text.

Назарларыңызға
рахмет!!!